

Қаражал қаласының аумағында Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 359 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 желтоқсанда № 8-5-117 тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 8 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 17.02.2023 № 8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституациясына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық занына сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықталсын (1 қосымшаға сәйкес).

2. Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайлар берілсін (2 қосымшаға сәйкес).

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары А. Құрмансайтовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. Әшімов

Қаражал қаласының әкімдігінің

2011 жылғы 30 қарашадағы

N 359 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат

**депутаттығына үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін
орындардың тізбесі**

Елді мекеннің атауы	Орналасу орны
Каражал қаласы	25 орамдағы N 7 жалпы орта білім беру мектебінің қасында орналасқан хабарландыру үшін тақтасы. Әлиев көшесі 24 үй мекен-жайындағы бұрынғы жөндеу - құрылыш участкесі кеңсе ғимаратының қасында орналасқан хабарландыру үшін тақтасы
Ақтай кенті	Ысқақов және Комсомольская көшелерінің киылсында орналасқан хабарландыру үшін стенд-тақтасы Сайдалы Сары Тоқа және Дүкенов көшелерінің киылсында орналасқан хабарландыру үшін стенд-тақтасы
Жәйрем кенті	N 6 орта білім беру мектебінің қасында орналасқан хабарландыру үшін тақтасы N 30 жалпы орта білім беру мектебінің қасында Мұратбаев көшесінде орналасқан хабарландыру үшін тақтасы Мәдени-сауық орталығының қасында орналасқан хабарландыру үшін тақталары "Балдырған" бала бақшасының қасында орналасқан хабарландыру үшін тақталары
Жәйрем кенті, геологиялық-барлау экспедициясы	N 10 жалпы орта білім беру мектебінің қасында орналасқан хабарландыру үшін тақтасы N 11 жалпы орта білім беру мектебінің қасында орналасқан хабарландыру үшін тақтасы

Каражал қаласының әкімдігінің

2011 жылғы 30 қарашадағы

N 359 қаулысына

2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламент
Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат
депутаттығына үміткерлердің сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайлардың
тізбесі**

Елді мекеннің атауы	Кездесулер өтетін орны	Үй-жайдың жалпы көлемі (шаршы метр)
Каражал қаласы	25 орам, N 7 жалпы орта білім беру мектебінің мәжіліс залы, телефоны: 2-63-89 Теміржол көшесі, N 5 орта білім беру мектебінің шағын орталығының үй-жайы	253 30
Ақтай кенті	N 6 орта білім беру мектебінің фойесі, телефоны: 2-80-03	124,25

Жәйрем кенті	Мұратбаев көшесі 11 үй, N 30 жалпы орта білім беру мектебінің мәжіліс залы, телефоны: 2-14-43	253
	Металлургтер көшесі 87 үй, N 10 жалпы орта білім беру мектебінің мәжіліс залы, телефоны: 2-13-00	288
Жәйрем кенті, геологиялық-барлау экспедициясы	Первоткрывателей көшесі, 9-а үй, N 11 жалпы орта білім беру мектебінің мәжіліс залы, телефоны: 2-15-00	81,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК